Айхан ШӘРІП

Сенат

КЕЛЕР ЖЫЛҒА ЖОСПАР КӨП

Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған қазақстандық парламентшілер Петерборда ТМД Парламентаралық ассамблеясының шараларына қатысты.

ТМД ПАА Кеңесінің отырысы мен Парламентаралық ассамблеяның 48-отырысында ұйымға қатысушы мемлекеттер парламенттерінің басшылары жиырмадан астам маңызды мәселелерді талқылады. Күн тәртібіне «Өрттен ерікті қорғау туралы», «Дербес деректер туралы» секілді маңызы зор үлгілі заң жобалары енгізілді, сондай-ақ 2019 жылдың алғашқы жартысындағы ТМД елдеріндегі мемлекеттік билік органдарының сайлауларын байқауға әзірлік мәселелері қаралды және ТМД ПАА-ның алдағы жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Сенат депутаттары сондай-ақ осы ұйым жанындағы қауіпсіздік және жаңа қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы үйлестіру жөніндегі бірлескен комиссиялардың, ТМД ПАА Қорғаныс және қауіпсіздік, Саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық, Құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссияларының отырыстарына қатысты.

Бұдан бөлек, жиын аясында Таврия сарайында парламентшілердің қатысуымен Шыңғыс Айтматовтың туғанына 90 жыл толуына арнап қойылған көрме ашылды.

ТМД ПАА Кеңесінің қорытындылары бойынша өткен баспасөз мәслихатында Сенат басшысы қытайлық «Бір белдеу – бір жол» жобасын іске асыруға ТМД елдерінің қатысу мүмкіндігі туралы пікірімен бөлісті. Оның айтуынша, әлемдегі экономика мен халықаралық ахуалдағы шиеленістер, санкциялық текетірестер, алпауыт елдер арасындағы сауда қайшылықтарының өршуі аясында қытайлық стратегияның мән-маңызы арта түсетін болады.

«ТМД елдерінің бұл жобаға белсенді қатысуы Еуразиядағы ықпалдастық үдерістерін өрістетуге, аймақтық сауданы дамытуға ықпал етеді. Одан басқа, бұл санкциялық соғыстардың теріс зардаптарын жоюға мүмкіндік береді», – деді Қ.Тоқаев.

Сенат басшысы парламентаралық ұйымға мүше мемлекеттер бұл жобаға қатысудың тиімділігін қазірден сезініп отырғанын атап өтті. Бүгінде осы бастаманы одан әрі дамыту күн тәртібінде тұр, бұл жерде көлік-логистикалық дәліздер мен тиісті инфрақұрылым қалыптастыруға байланысты мәселелерді шешу туралы сөз болуда.

«Біз парламентаралық үнқатысуда сауда мен экономикалық ынтымақтастықты дамыту тақырыптарының келешегі зор деп санаймыз. Депутаттар ТМД ПАА аясында заңнамалық, нормативтік база қалыптастыруға елеулі үлес қоса алады. «Бір белдеу – бір жол» тұжырымдамасын ілгерілету ауқымды Еуразиядағы ықпалдастық үдерістерін үйлестіруге ықпал етеді», – деп түйді Қ.Тоқаев.

Қазақстанның жоғарғы палатасының төрағасы Ассамблеяның биылғы жұмысының қорытындыларына оң баға берді. ТМД елдерінің парламентшілері заңнамалық, экономикалық, әлеуметтік мәселелерде ассамблеяға мүше әр ел өздеріне лайық шешімдерді таба алуы үшін құқықтық іргетас қалыптастырды. Қ.Тоқаевтың пікірінше, дегенмен, қол жеткен деңгейде тоқтап қалуға болмайды, жұмыс үдерістерін жетілдіру үшін күш-жігерді біріктіру және оны цифрлы технологияның дамуын ескере отырып өркендету керек.

Елдос СЕНБАЙ

Мәжіліс

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУДЫҢ ТЫНЫСЫ АШЫЛДЫ

Палата спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен Мәжілістің жалпы отырысы өтті. Онда қалаулылар Елбасының бастамасы бойынша әзірленген сот жүйесі мен судьялардың мәртебесіне қатысты конституциялық қос заң жобасын жұмысқа алды.

Мемлекет басшысы Ата заңның 61-бабының 1-тармағына сәйкес, Парламенттің қарауына «Қазақстанның сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Кейбір заңнамалық актілерге сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заң жобаларын енгізді. Құжаттар ел Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауын іске асыруға, сот жүйесін жаңғыртуға, сот кадрларын жаңартуға және Жоғары сот кеңесін институционалдық тұрғыдан нығайтуға бағытталған түзетулерді қамтиды.

Бұдан бөлек, жиында Мәжіліс «Табиғи монополиялар туралы» заң жобасын мақұлдап, Сенатқа жолдады. Бұл жобаның маңыздылығын ағымдағы парламенттік сессияның ашылуында Президент Н.Назарбаев атап өткен болатын. Мемлекет басшысы сондай-ақ «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты биылғы Жолдауында да табиғи монополиялар саласында және тариф қалыптастыруда тәртіп орнату міндетін қойды.

Отырыста заң жобасын талқылау кезінде Мәжіліс төрағасы тариф қалыптастыру және тарифтердің жоспарланып отырған өзгерісі туралы жария тыңдаулар өткізу мәселесі заң жобасында жеткілікті түрде реттелмегеніне назар аудартты. Нұрлан Нығматулиннің айтуынша, заң жобасында «жария тыңдаулар» ұғымы негізінен тыңдаулар өткізу туралы хабарламаны немесе өтіп кеткен тыңдаулар туралы ақпаратты орналастыру мерзімдерін регламенттеу тұрғысынан ғана қолданылады. Ал тыңдаулар нәтижесінде туындайтын құқықтық салдарлар, сондай-ақ қоғамдық тыңдаулардың рөлі туралы заң жобасында ештеңе айтылмапты.

Осыған байланысты палата спикері құжатты таныстырған Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовке қайырылып, кейін бекітілетін заңға тәуелді актілер деңгейінде тыңдаулар өткізудің рәсімдері мен регламентін егжей-тегжейлі реттеудің маңыздылығын нұсқады.

Нұрлан Зайроллаұлының [...] мынша, басты мақсат сол, ол тыңд[...] бір жағынан – табиғи монополия [...] тісінің, екінші жағынан – қызм[...] тұтынушылардың, яғни жұртшыл[...] бизнес өкілдерінің баламалы пікір[...] ашық айтылуы қамтамасыз етілу[...] Тариф бекіту осы тыңдаулардың ше[...] негізделуі шарт. Ал уәкілетті о[...] монополияға қарсы комитет [...] қызметін атқарғаны абзал.

Мәжіліс төрағасы осы мәс[...] нақты пысықталуының маңызы[...] талып, бұл Елбасының Қауіпсіз[...] митеті отырысында берген тікел[...] сырмасы екенін еске салды. Со[...] бірге, Нұрлан Нығматулин уәкіл[...] ганның тарифтерді қалыптастыр[...] тері туралы әрбір азамат үшін түсі[...] қолжетімді ақпаратты орналас[...] керегін нықтады.

Заң жобасы бойынша жұмы[...] барысында депутаттар табиғи моно[...] лар салаларын тарифтік реттеу [...] нақтылау, табиғи монополия субъе[...] инвестициялық бағдарламасын бе[...] бас тарту негіздері, мемлекеттік бақ[...] жүзеге асыру тәртібін нақтылау[...] белгілеу тетігінің және олардың [...] тициялық міндеттемелерді орын[...] ниторингінің ашықтығын арт[...] қамтамасыз ету және басқа да ба[...] бірқатар түзетулер енгізді.

Мәжіліс жиында халықарал[...] сімдерге қатысты қос заң жоб[...] құптап, Сенатқа жолдады. Бұлар [...] зиялық экономикалық одақ ше[...] ауыл шаруашылығы өсімдіктер[...] дарының айналысы туралы [...] ратификациялау туралы» және «[...] мен Халықаралық қайта құру ж[...] банкі арасындағы №8156-К[...] туралы келісімге (Шығыс – Ба[...] мобиль жолдарын дамыту жоба[...] ты – Қорғас учаскесі): Батыс [...] Батыс Қытай халықаралық тран[...] түзетулерге қатысты келісімха[...] фикациялау туралы» жобалар.

Жалпы отырыс соңында хал[...] лылары бірнеше депутаттық са[...] етті.

Үкімет

ЖАҢА КӘСІПКЕ ДАЯРЛЫҚ

Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевтың қатысуымен Президент жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің аралық отырысы өтті.

Жиын барысында инвестициялық саясатты іске асыру, еңбек заңнамасын, адами капиталды дамыту, шетелдік жұмыс күшін тарту, сондай-ақ энергетика, экология мен мұнай-газ салаларын өркендету мәселелері қаралды. Бұдан бөлек, кеңестің 32-пленарлық отырысына дайындық барысы да талқыланды.

Инвестициялар және даму министрі Ж.Қасымбек, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі М.Әбілқасымова, Білім және ғылым вице-министрі Б.Асылова, «Қазақстанның шетелдік инвесторлар кеңесі» қауымдастығының басқарма төрағасы А.Прейманис, кеңестің шетелдік тараптан тең төрағалары Е.Досымбеков, [...].Гомез атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Отырысқа қатысушылар шетелдік инвесторлармен бірлесіп жүзеге асырылатын жұмыс бағыттарын анықтады. Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов, Қаржы министрі Алихан Смаилов, Энергетика министрі Қанат Бозымбаев келешегі бар жобаларға түсінік берді.

Премьер-министр «Болашақ еңбек [...]: жаңа мүмкіндіктер» атты форумға қатысты. Бұл – төртінші өнеркәсіптік революция жағдайларында, әлемдік еңбек нарығының сан құбылуы аясында Қазақстандағы жұмыспен қамту және әлеуметтік саланы дамыту перспективаларын талқылауға арналған алғашқы тақырыптық алаң.

Жиынның пленарлық сессиясы кезінде сөз сөйлеген Бақытжан Сағынтаев еңбек нарығында орын алып жатқан өзгерістер және соған байланысты сын-тегеуріндер мен жаңа мүмкіндіктер қазір ең өзекті мәселелердің бірі екеніне назар аудартты. Ол сарапшыларға сілтеме жасай отырып, «2025 жылға дейін шамамен жұмыс орындарының 4% немесе 140 млн-ы жойылып кетуі мүмкіндігін», «ал 80-90% немесе шамамен 3 млрд жұмыс орны күрделене түсетінін» айтты.

«Бұрынғы кәсіптердің жойылып, жаңа кәсіптердің күрделенуі үкіметтердің күн тәртібіне автоматтандыру нәтижесінде жойылған жұмыс орындарының орнын толтыру, өз елдеріндегі еңбек ресурстарының жаңа дағдыларды игеру икемін қамтамасыз ету мәселелерін қойып отыр. Дегенмен технологиялар мен инновациялар жаңа кәсіптер мен салалардың пайда болуына, яғни жаңа жұмыс орындарының ашылуына сеп болады. Болжам бойынша жаһандық еңбек нарығындағы жұмыс орындарының шамамен 10% немесе 350 млн-ы жаңа кәсіп түрінде ұсынылады. Олар дәстүрлі салалар мен инновациялар тоғысында пайда болмақ», – деп түйді Үкімет басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасы Президенті кеңсесінің бастығы Махмұт Қасымбеков еліміздің басты телеарналарына сұхбат берді. Ол Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арналған Жолдауында айтылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардағы формализм мен бюрократияны жою жөнінде атқарылған жұмыстардың нәтижелерін баяндады. Сондай-ақ мемлекеттік аппараттағы жиналыстар санын азайту және құжат айналымын қысқарту мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды.

Осыған байланысты, сұхбат мәтінін оқырмандар назарына ұсынамыз.

– Соңғы кезде жиналыстардың көптігі, сондай-ақ мемлекеттік органдардағы құжат айналымының әлі де болса едәуір ауқымдылығына қатысты мәселелер кеңінен сөз болып жүр. Мемлекет басшысы халыққа арналған Жолдауында осы өзекті тақырыпты көтерді. Бұл жағдайды ретке келтіру үшін қандай шаралар жүзеге асырылып жатыр?

– Естеріңізде болса, ел Президенті биылғы қазан айындағы Қазақстан халқына арналған Жолдауында мемлекеттік органдардың жұмысында формализм мен бюрократияға әлі де жол беріліп отырғанын атап өтті.

Бұл ретте, Елбасымыз жиындар санының негізсіз көбейіп отырғанына, құжат айналымын азайтудың баяу екеніне назар аударды.

Ол «мұндай келеңсіз жағдайды тоқтатып, бұл мәселелерді ретке келтіруді» тапсырды.

Президенттің осындай мәселе көтеруі бекер емес. Көптеген әрі ұзаққа созылатын жиналыстар мемлекеттік қызметшілердің жұмыс режимінің үнемі бұзылуына алып келеді. Нәтижесінде, бұл жағдай олардың еңбегінің тиімділігіне және жалпы мемлекеттік аппараттың жұмысына кері әсер етеді.

2017 жылғы 25 тамызда Елбасы «Қазақстан Республикасы Президентінің, оның Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жұмыс регламентін бекіту туралы» Өкімге қол қойған болатын.

Құжатта мұндай іс-шараларды өткізудің форматы мен уақытына байланысты бүкіл талаптар анық жазылған.

Осыған байланысты, Президент Әкімшілігі барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарда түрлі жиындардың санын қысқарту үшін жүйелі жұмыс жүргізуде.

Өткен жылдың қыркүйегінен бастап мемлекеттік органдардың осы талаптарды орындауына қатысты жан-жақты мониторинг жасап келеміз.

Соның арқасында, ахуалды қадағалап, қажет болған жағдайда, мемлекеттік органдардың басшыларына жол берген кемшіліктері туралы ескертіп отыруға мүмкіндігіміз бар.

Нұрсұлтан Әбішұлы қазан айындағы Жолдауында осындай жайттардың бар екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы уақтылы әрі өзекті екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Соңғы айларда бұл мәселеге байланысты бірқатар оң өзгерістер байқалды. Мысалы:

• Мемлекеттік органдар жиындарды белгіленген күндерде өткізу жөніндегі регламент талаптарын мейлінше қатаң сақтайтын болды. Мәселені осылайша реттеу отырыстар санын азайтуға ықпал ететіні анық.

• Жиналыстардың жалпы санының азаюы байқалып отыр. 2017 жылдың қыркүйек-қараша айларында 694 кеңес өткізілсе, биыл осы айларда 457 жиын болды. Демек, өткен жылмен салыстырғанда, мемлекеттік органдар кеңестер санын 34 пайызға азайтқан.

• Бірінші басшылардың қатысуымен өтетін отырыстар саны азайды. Мысалы, 2017 жылы қыркүйек-қараша айларында министрлердің қатысуымен 184 кеңес өткізілсе, биыл осы мерзімде 147 жиын ұйымдастырылған. Яғни, 20 пайызға азайды. Министрлердің күнделікті жұмысының көптігін ескерсек, бұл да маңызды.

• Мемлекеттік органдар селекторлық және бейне-конференциялық байланыстың мүмкіндіктерін көбірек пайдаланатын болды. Мәселен, бүгінде әрбір бесінші кеңес селекторлық байланыс арқылы өтеді.

• Сонымен, мониторинг деректері барлық жиналыстардың жалпы ұзақтығы 40 пайызға қысқарғанын көрсетіп отыр.

Әрине, мен атап көрсеткен оң өзгерістер бәрімізді қуантады. Алайда, қол жеткізген жетістікпен шектеліп қалмаймыз.

Қазір біз барлық мемлекеттік органдардың алдына жиындардың бәрін кешкі сағат бестен кешіктірмей өткізу жөнінде талап қойып отырмыз. Осылайша, мемлекеттік қызметшілердің жұмыс күні алты жарымнан кешіктірілмей аяқталуына мүмкіндік береміз.

Шұғыл әрекет етуді талап ететін және отырыстарды кейінге қалдыруға болмайтын ерекше жағдайларда ғана басқаша болуы мүмкін.

Бұдан өзге ахуалдың бәрінде жиналыстар жұмыс уақытында өткізілуге тиіс.

Соның арқасында мемлекеттік қызметшілеріміз 8 сағаттық жұмыс күнінен соң білімін жетілдіруге, демалуға, отбасына көңіл бөлуге және спортпен шұғылдануға көбірек уақыт жұмсайтын жағдайға бірте-бірте келеміз.

Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің еңбек өнімділігі артып қана қоймай, олардың толыққанды демалуына да қолайлы мүмкіндік туады.

Енді құжат айналымына келейік.

Соңғы жылдары мемлекеттік органдарда құжат айналымын азайту үшін мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, биыл Президент Әкімшілігіндегі құжат айналымының көлемі 2013 жылмен салыстырғанда екі жарым есе қысқарды. Яғни, 625 мың құжаттан 250 мың құжатқа дейін азайды.

Осы мерзім аралығында орталық мемлекеттік органдарда және Астана, Алматы қалалары мен облыс әкімдіктеріндегі құжаттардың саны 30 пайыздан астам көрсеткішке, яғни 4,9 миллионнан 3,3 миллионға дейін азайды.

Мұндай нәтижеге жүйелі [...] қабылдаудың арқасында қол ж[...] Мысалы, орталық мемлекетті[...] дарда:

• көптеген құжат түрлері жән[...] Президент Әкімшілігіне е[...] мерзімдік тәртібі оңтайландыры[...]

• төменгі ұйымдарға көз[...] сұранымдар жолдауға тыйым са[...]

• Басшылықтың тапсырм[...] бақылау жүргізудің тәртібі қай[...] ды.

Мемлекеттік билік тар[...] арасындағы өкілеттіктерді қа[...] мәселелері бойынша Консти[...] заңдарға, сондай-ақ Мемлеке[...] сының, соның ішінде оның биыл[...] айындағы Қазақстан халқына [...] Жолдауында берілген тапсыр[...] сәйкес, көптеген құжаттарға бақ[...] гізу орталық және жергілікті [...] органдардың құзырына берілді.

Осы жұмыстардың нәти[...] Президент Әкімшілігінің бақыл[...] құжаттар саны 40 пайызға азай[...]

Біз тапсырмаларға бақылау[...] қазақстандықтардың әл-[...] жақсартуға бағытталған рефор[...] бағдарламалар нәтижелерін [...] көшуді көздеп отырмыз.

Құжат айналымын қысқарту[...] оны электронды-цифрлық [...] көшіру жөніндегі жұмыстар д[...] жүргізілуде.

Қазір «Цифрлы Қазақста[...] кеттік бағдарламасы аясында м[...] органдарды Электрондық [...] налымының бірыңғай жүйесі[...] жүзеге асырылуда. Азаматтард[...] терін қараудың электрон[...] енгізілуде. Барлық мемлекетт[...] үшін бірыңғай электронды[...] архиві жасақталуда.

Осылайша, біз қолға ал[...] нақты нәтижесін көріп оты[...] жұмыс алдағы уақытта да жал[...] Мемлекет басшысының [...] халқына арналған Жолдауын[...] тиісті тапсырмалардың толық[...] орындалуына қол жеткізетін [...]